«ЖАС ОРДА» жастар қоғамдық бірлестігі

Молодежное общественное объединение «ЖАС ОРДА»

120400, Қызылорда облысы,Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті,Әйтеке би кошесі №50
Факс,тел: 8 724 38 23 1 39
E-mail:zhas_orda@list.ru

120400, Кызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би, Ул. Айтеке би №50
Факс,тел: 8 724 38 23 1 39
E-mail: zhas_orda@list.ru

«02» ақпан 2018 жыл.

«02» февраля 2018 год.

№014

Қызылорда облыстық прокуратурасына

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаментіне

29.01.2018 жылы «Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алу №2174174-1, 2174571-1 хабарландырулары №16018306-ГСЗ1, 16021131-ГСЗ1 лоттары бойынша «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алуға қатысқан болатын.

Мемлекеттік сатып алудың негізгі мақсаты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және бюджет қаржысын үнемдеу болып табылады.

Алайда, 30.01.2018 жылғы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен №2174174-ГСЗ1, 2174571-ГСЗ1 көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама сәйкес «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестік өтінімі «Әлеуметтік өнім бершінің техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 11 ұпайдан кем» себебі бойынша кері қайтарылып отыр.

Жоғарыда аталған себеппен келіспейтіндігімізді және әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау кретерийлерін дұрыс есептемей отырғанын мәлімдейміз.

Атап айтқанда, «Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі», «Тапсырыс берушімен сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (құрылтайшы құжаттарға сәйкес)», «Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір критерий ғана алынады)» критерийлері бойынша **«Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі тарапынан тиісті растау құжаттары ұсынылса да конкурстық комиссия тарапынан дұрыс балл есептелмей отыр.** /Сонымен бірге, «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі басқа әлеуетті өнім берушілерден төмен баға ұсынып отырғанын білдіремін/.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруқағидаларын бекіту тауралы Қазақстан Республикасы Қаржы министірінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы әрі қарай Қағида бойынша конкурстық құжаттамаға 12 қосымшаға сәйкес жұмыс тәжірбиесі үшін **0-ден 6-ға дейін,** бюджеттен тыс көздерден қосымша қаражатты тарту мүмкіндігі туралы мәліметтер үшін **0-ден 10-ға дейін** ұпай берілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының 05.07.2015 жылғы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 207 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем шарттардың салыстырмалы мәнін конкурстық баға ұсыныстарына қолданбау бөлігінде бұзу-лауазымды адамдарға 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

«Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі өтінімінің кері қайтарылу себептеріне байланысты егжей-тегжейлі ақпарат алу мақсатында Жоғарыда аталған мәселелер бойынша «Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен нақты жауап ала алмадық.

Осыған байланысты, Сізден, Заң нормаларын өрескел бұзып отырған «Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің комиссия мүшелері **<u>жоғарыдағы конкурстық құжаттамаларды қайтадан қарап, қорытынды хаттама жасауын</u>** сұраймыз.

Төраға **Қуаныш Әлібек Нұрланұлы**

Қосымша ақпараттар алу үшін

✍ Ә.Қуаныш ☎ 8778 2262324